

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

Балалар мен ересектер үшін мұрын қуысына бүркүге және шаюға арналған зат келесі орындалу нұсқаларында:

«Аквалор® софт шағын» 50 мл

«Аквалор® софт» 125 мл

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Параметрінің атауы	Сипаттамасы
Өнімнің сипаттамасы және құрылымы	«Аквалор® софт шағын» 50 мл мен «Аквалор® софт» 150 мл орындалу нұсқаларында балалар мен ересектер үшін мұрын қуысына бүркүге және шаюға арналған зат - бұл «душ» шашырауын тудыратын, шектеулі сақинасы бар және полипропилен қапқақшасы бар мұрынға арналған полиэтилен анатомиялық ендімесі бар қысыммен металл баллондағы аэрозоль. Баллонның ішіне арнайы бір жақты қапқақшамен жабдықталған төрт қабатты пакет орналастырылған. Ендірмеде аэрозоль қапқақшасының басылуын бақылауға арналған ұстатқыш бар. Дәрілік зат болып табылмайды.
Толтыру көлемі	50 мл, 150 мл
Ішіндегісінің сипаттамасы	Иіссіз, мөлдір түссіз сұйықтық.
Ішіндегісінің құрамы	Құрамында табиғи теңіз суы, тазартылған суы қамтылған теңіз суының изотониялық ерітіндісі (NaCl концентрациясы 8-11 г/л). Теңіз суын алу Бретани (Франция), Люсешил (Швеция) жағалауларындағы экологиялық таза аудандардан жүзеге асырылады. Теңіз суында натрий, калий, мырыш, селен, магний, кальций, йод, хлор, бром иондары бар. Құрамында консерванттар жоқ.
pH	6,0 - 8,5

Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі)

ТШ 32.50.50-008-00480081-2017.

Пайдаланушысын көрсете отырып, медициналық бұйымның қолданылу саласы және тағайындалуы

Қолданылу саласы – оториноларингология.

Зат шырышты кетіруге, мұрын бөліністерін азайтуға, қабыршақтарды жұмсартуға және кетіруге, мұрын қуысының шырышты қабығын ылғалдандыруға арналған. Мұрын қуысы мен мұрын-жұтқыншақтың шырышты қабығына жағымды әсер етеді, мұрынның бітелуін азайтуға және мұрынның тыныс алуын қалпына келтіруге көмектеседі. Теңіз суындағы тұздар шырышты сұйылтуға және шырышты қабықтың құтыша пішінді жасушаларында оның өндірісін қалыпқа келтіруге ықпал етеді. Тұз құрамындағы кальций мен магний иондары мұрын шырышты қабығының тербелмелі эпителий жасушаларының жұмысын едәуір жақсартады, шырыштың реологиялық қасиеттерін қалыпқа келтіреді, вирустар мен бактериялардың енуіне төзімділікті арттырады. Йод және натрий хлориді антисептикалық қасиеттерге ие. Мырыш пен селен иондары мұрын шырышты қабығының және мұрын маңы қойнаулардың жергілікті иммунитетін белсендіруге жағдай жасайды.

Мұрын қуысын затпен шайғаннан кейін мұрын қуысының шырышты қабығына қолданылатын дәрілердің емдік тиімділігі артады, тыныс алу ауруларының ұзақтығы қысқарады, мұрын маңы қойнаулар мен құлақ қуысына инфекцияның таралу қаупі төмендейді. Мұрын қуысы мен мұрын-жұтқыншақтан шырышты қабығының биоценозын бұзбай, кез-келген патогендерді (вирустық, бактериялық, зәңдер) жоюға көмектеседі.

Қолдану шарттары: жеке қолдану үшін және медициналық мекемелер жағдайында.

Зат келесі мақсаттарда қолданылады:

- мұрын қуысының, мұрын маңы қойнауларның және мұрын-жұтқыншақтың жедел және созылмалы қабыну ауруларының (инфекциялық, аллергиялық, атрофиялық) профилактикасы және кешенді емдеу:
 - жедел және созылмалы риниттер (тұмау)
 - жедел және созылмалы синуситтер (оның ішінде гайморит)
 - жедел және созылмалы аденоидиттер
 - аллергиялық және вазомоторлы риниттер
 - субатрофиялық риниттер (шырышты қабықтың құрғауы)
- респираторлық инфекциялардың (тұмау, ЖРВИ және басқалар) профилактикасы және кешенді емдеу
- мұрын қуысы және мұрын-жұтқыншақтың күнделікті гигиенасы
- мұрын қуысы мен мұрын маңы қойнауларына хирургиялық араласудан кейінгі жағдайлары профилактикасы және кешенді емдеу

Зат 6 айдан асқан балалар мен ересектерге арналған.

Қолдану тәсілі

Мұрын қуысын шаю қажет болған жағдайда күніне орта есеппен 3-4 рет, қажет болған жағдайда жиі жүргізіледі. Затты қолданудың ұзақтығы мен жиілігі шектелмейді.

Маңызды! Процедураны орындау кезінде шаюды жүзеге асыратын адам дем алмауы, сөйлеспеуі немесе айқайламауы керек.

2 жасқа дейінгі балалар үшін.

Ерте жастағы баланың мұрнын жуу дененің тік күйінде, ересек адамның қолында отыру арқылы жүзеге асырылады (егер бала отыруды білсе). Бұл жағдайда баланың басы тік тұрып, алға қарай еңкейіп тұруы керек (1 сурет). Шаю кезінде баланың басы артқа шалқайтылмайтынына көз жеткізіңіз.


1. Баллонның ұшын оң жақ танауға салыңыз (2 сурет).
2. Бүріккішті басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз, осылайша мұрынның оң жағын шайыңыз (3 сурет).
3. Мұрын қуысынан шаю сұйықтығының қалдықтарын алып тастаңыз (баланы сіңбіртіңіз немесе аспираторды қолданыңыз) (4, 5 сурет).
4. Мұрынның сол жақ жартысымен ұқсас процедураны орындаңыз.
5. Қажет болса, процедураны қайталаңыз.




1 сур.




2 сур.



3 сур.



4 сур.



5 сур.

2 жастан асқан балалар мен ересектер үшін.

Балалар мен ересектердегі мұрынды шаю дененің тік күйінде (отырып немесе тұрып) жүзеге асырылады. Бұл жағдайда бас түзу және алға қарай сәл еңкейген болуы керек. Шаю кезінде бас артқа шалқайтылмайтынына көз жеткізіңіз (6 сурет).

1. Баллонның ұшын оң жақ танауға салыңыз (7 сурет).
2. Бүріккішті басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз, осылайша мұрынның оң жағын шайыңыз (8 сурет).

3. Шаю сұйықтығының қалдықтарын тазарту немесе аспиратор (балаларда қажет болған жағдайда) көмегімен алып тастаңыз (9 сурет).

4. Мұрынның сол жақ жартысымен ұқсас процедураны орындаңыз.


5. Қажет болса, процедураны қайталаңыз.



6 сур.



7 сур.



8 сур.



9 сур.

Медициналық бұйымдарды пайдалану кезіндегі сақтық (қауіпсіздік) шаралары және шектеулер туралы ақпарат

Жүктілік және емшекпен емізу қарсы көрсетілімдер болып табылмайды.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Медициналық бұйымның құрамдас бөліктеріне жеке көтере алмаушылық.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Қаптамада көрсетілген күнге дейін пайдалану қажет. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау, тасымалдау және пайдалану шарттары

5 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Қызудан сақтаңыз.

Тасымалдау

Көліктің осы түрінде қолданылатын тасымалдау ережесіне сәйкес жабық көлік құралдарының барлық түрімен 5 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада тасымалданады.

Қаптамасы

Медициналық бұйымды қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулығы бар картон қорапшадағы мұрынға арналған полиэтилен анатомиялық ендірмемен және полипропилен қалпақшамен жабдықталған қысымдағы алюминий баллон.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші ұйым / өндірістік алаң

«Нижфарм» АҚ, Ресей
603950, Нижний Новгород қ.,
Салганская к-сі, 7 үй
тел.: + 7 (831) 278-80-88
факс: + 7 (831) 430-72-28
e-mail: med@stada.ru

Өндіруші жарамдылық мерзімі ішінде өнімнің сапасына кепілдік береді.
www.aqualor.ru

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйымдар бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын, сондай-ақ медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері

«ЕҰ «Нижфарм-Қазақстан» ЖШС
050011, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 258В үй
тел.: (727) 2222-100
факс: (727) 398-64-95
e-mail: almaty@stada.kz

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты шығару немесе соңғы қайта қарау туралы деректер: XX.XX.XXXX ж.